



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.06.2019 № 144

Павлодар қаласы


город Павлодар

Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы «Банкроттық және оңалту туралы» № 176-V Заңының 12- бабының 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына «Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» 14-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер Комитетінің 2019 жылғы 19 маусымындағы № КГД-08-3-26672-КГД-13334 хатының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Стройтех-Павлодар» ЖШС-нің (БСН 050940015386) банкроттық басқарушысы Алия Кайроллаевна Телегенева (ЖСН 820125450985) банкроттық рәсімін жүзеге асырудан шектетілсін.
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Павлодар облысы бойынша Салық департаменті» ММ 2014 жылғы 12 ақпанындағы № 69 бұйрығы күші жойылды деп танылсын.
3. А.К. Телегенева үш жұмыс күнінен кешіктірмей, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, мөрлерін, мөртабандарын, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға (бар болған жағдайда) беруі тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысы орынбасарының м.а. Е.М. Кадринге жүктелсін.

Басшының м.а.



Б. Айнабеков